

5. Алибекова Б.А., Таштанова Н.Н. Бухгалтерский учет в туризме, учебное пособие- Астана: Изд.Сарыарка, 2012. -336с.

УДК 657.6

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ**

*Серік Әлішер Асанұлы*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Есеп және аудит» мамандығының

3 курс студенті

Нұр – Сұлтан қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Уразбаева З.О.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, егер мемлекет серпінді әрі орнықты дамуды қаласа, онда оның әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары міндетті түрде шағын және орта бизнесті ынталандыру және инновацияларды енгізу жөніндегі шараларды қамтуға тиіс. Дамыған елдерде ШОК үлесіне ішкі жалпы өнім (ЖІӨ) көлемінің 40% - дан 90% - ға дейін келеді.

Бүгінде Қазақстан өзінің алдына шағын және орта бизнесті үздіксіз дамыту және оның ЖІӨ-дегі үлесін 2050 жылға қарай 50% - ға дейін жеткізу мақсатын қойып отыр. Қазақстанда 1,6 млн шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, ал шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың саны 2021 жылдың аяғында шамамен 3,4 млн адамды құрады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тұжырымдамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті реттеуді, оның ішінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, лицензиялау жүйесін жетілдіру, кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласуға тыйым салу бойынша түбегейлі реформалар жүргізілуде. Осы мақсаттарға жетудің басты алғышарты шағын және орта бизнестің инновациялық даму жолына көшуі болып табылады.

Инновациялық даму 2014 жылы «Салық төлеушінің кабинеті» порталының іске қосылуымен басталды. «Салық төлеушінің кабинеті» интернетті пайдалана отырып, ШОК үшін ыңғайлы кез келген жерден салық органдарының көптеген қызметтерін алуға мүмкіндік береді. Осы ақпараттық жүйемен жұмыс істеу кезінде ШОК өкілдері салық есептілігін электронды түрде дайындау және ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Бүгінгі күні салықтық өтініштер мен салықтық есептілік нысандарын берудің, оның ішінде ШОК үшін 300.00 «Қосылған құн салығы бойынша декларация», 328.00 «Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш», 910.00 «Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация», 911.00 «Патент құнын есептеу» салықтық нысандарын электронды түрде салық органдарына тапсыру операциялары қолжетімді. Сонымен қатар, «Салық төлеушінің кабинетінде» ШОК үшін салық есептілігін дайындау және беру туралы хабардар ету, салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды, айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару жүргізуге салықтық өтініш, тіркелген салық салу объектілері туралы ақпарат алу, жеке тіркеу деректерін қарау, жеке шот туралы мәлімет алу, салыстырып тексеру актілерін, үзінді көшірмелерді алу қызметтері қол жетімді. Ақпараттық жүйе салық төлеушінің жұмыс уақытын үнемдеу, ақпараттың құпиялылығын сақтау, салықтық өтініш беру кезінде кезектен аулақ болу, салық органдарының қызметкерлерімен тікелей байланыстың болмауы, адами факторды болдырмау сынды мүмкіндіктерді туғызды.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін негізгі мәселелердің бірі – белгілі бір кәсіп түрімен немесе тауар түрімен сауда – саттық жасау үшін рұқсат беру құжаттарын, яғни лицензияларды алу болып табылады. Осы үдерісті оңтайландыру үшін «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі қызметін бастады. «Е-лицензиялау» порталы арқылы өнеркәсіп, сәулет

және құрылыс, экспорт-импорт және т.б. саласындағы кәсіпкерлік қызметтің шамамен 500 түріне өтініш беруге болады. Өтінішті тиісті органдар қабылдайды және өндейді. Жоба кезең-кезеңмен 2008 жылдан бастап дамыған, бірінші кезеңде орталық деңгейдегі мемлекеттік органдар: министрліктер мен агенттіктер қосылды, және 2012 жылы кәсіпкерлік субъектілерін енгізу жөніндегі жұмыстар аяқталды. Лицензиялау өзіне өзі жеткілікті күрделі рәсімдер болып табылғандықтан, оны цифрландыру ШОК субъектілері үшін рұқсат беру құжаттарын жылдам әрі сапалы, уақытын үнемдеу арқылы ала алады.

2015 жылдан бастап «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының телекоммуникация желілері арқылы қолма-қол есеп айырысулар туралы ақпаратты on-line режимінде салық органдарына беруді қамтамасыз ететін фискалдық деректер операторы (ФДО) іске қосылды. Оператор бақылау – касса машинасын (БKM) жедел қосылуын қамтамасыз ету, POS машиналарынан БKM деректерін желіде салық органдарына өңдеу және беру, сонымен қатар клиентке барлық бақылау-кассалық машиналардың жұмысын бақылауға, қажетті есептер мен жұмыс актілерін автоматты түрде, ыңғайлы жеке кабинетпен құжат айналымын бақылауға көмектеседі. ФДО тек бақылаушы ғана емес, кәсіпкер үшін көмекші қызметін де атқарады. Оператор кәсіпкерлік субъектілеріне уақыт үнемдеп, салық есептілігін жасауға, БKM – ді сатып алуға, орнатуға және тіркеуге септігін тигізеді. Кассалық чектерден басқа, ФДО онлайн-кассаны тіркеу, ауысымды ашу және жабу, фискалдық жинағышты жабу, онлайн-кассаны қайта тіркеу туралы ақпарат береді.

Алдағы жылдары электронды шот-фактуралармен алмасу бизнес үшін инновациялық дамудың жаңа түрі болады, өйткені өзара әрекеттесудің бұл түрі ақша айналымын жеделдетуге, сонымен қатар жеткізушілермен қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Қазір елімізде электронды – шот фактура жүйесіне көшу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мақсатқа жету үшін 2017 жылы Электронды шот-фактура (ЭШФ) ақпараттық жүйесі іске қосылған болатын. ЭШФ модулі арқылы жұмыс істеу: тауарларды өткізу, жұмыстарды немесе қызметтерді көрсету кезінде жеткізушілермен және сатып алушылармен құжаттар алмасуды қамтиды. ЭШФ ақпараттық жүйесін пайдалану автоматтандырылған бухгалтерия жолындағы үлкен қадам болып табылады, өйткені ол көптеген байланысты құжаттарды беруді алмастырады, бұл салық төлеушілерге уақытты, қағазды, персонал шығындарын үнемдеуге және шот-фактураларды беру кезінде қателерді азайтуға көмектеседі. ШОК үшін ЭШФ арқылы шот – фактураны жіберу артықшылықтарына: бұл жүйе арқылы шот – фактураны жіберу мерзімі үш есеге, яғни 15 күнге дейін ұлғайды; ілеспе бастапқы бухгалтерлік құжаттары: тауар-көлік жүкқұжатын, төлем шотын ресімдеу алып тасталынды; халықаралық мәмілелер үшін ЭШФ-ны шетел валютасында жазып беру мүмкіндігі туындады.

Сондай – ақ, ЭШФ жүйесінде «Виртуалды қойма» модулі іске қосылды. Бұл модуль тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген немесе өндірген сәттен бастап соңғы тұтынушыға өткізгенге немесе экспорттағанға дейін онлайн режимінде қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Виртуалды қойма (ВК) салық төлеушіге қойма жұмысының бизнес-процестерін басқаруға, физикалық қоймаларда тауар туралы ақпаратты және барлық тауарлардың қозғалысына байланысты барлық электрондық құжаттарды сақтауға мүмкіндік береді. ВК модулі нақты қойманың электрондық аналогы болып табылады, ал модуль функционалы виртуалды қоймаға әкелінген тауарлардың электрондық қойма есебін жүргізуге мүмкіндік береді. Әрбір ВК пайдаланушы оның көмегімен: электрондық қоймаларды құру; жүйеге тауарлардың қалдықтары туралы деректерді енгізу; импортталған немесе өндірілген тауарлар туралы деректерді енгізу; Қазақстан аумағында тауарларды өткізу туралы деректерді көрсете алады.

2020 жылы ЭШФ ақпараттық жүйесі базасында ШОК үшін тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарын (ТІЖ) электронды түрде қалыптастыру, қабылдау немесе қайтару функциялары іске қосылды. Қазақстандық кәсіпкерлер мен ұйымдар тауарларды ел ішінде сату, жөнелту, өткізу кезінде; Қазақстанға тауарлар импорты кезінде; ҚР шетелге тауар экспорттау кезінде ТІЖ - ні ресімдейді. Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттары шағын

және орта бизнес субъектілеріне салық салынатын базаны есептеуді, кедендік және салықтық әкімшілендіруді, құжат айналымын реттеуді оңтайландырады.

2020 жылдың 1 қазанынан ШОК субъектілері үшін аяқ киімдерді және темекі өнімдерін таңбалау үшін пилоттық бағдарлама іске қосылды. Таңбалаудың басты мақсаты – кәсіпкерлерді және халықты жалған өнімнен қорғау және көлеңкелі бизнес пен контрабандаға тойтарыс беру. Таңбалау «Нақты өнім» ақпараттық жүйесінде жүргізіледі. Электрондық жүйеде тауарды таңбалау арқылы бақылауға болады: қайда барады, қай серіктес оны қабылдады, қай дүкенге келіп түсті және қашан сатылды. Таңбалау дүкендер мен қоймалардағы теңгерім туралы сенімді сандарды береді - осылайша кәсіпкерлер нақты сату жоспарларын жасай алады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық даму үдерісі жыл санап артып келеді. Бұл енгізіліп жатқан жаңашылдықтар оң әсермен қатар кәсіпкерлерге зиянын тигізуі мүмкін. Мысалы, бұрын ШОК субъектілері үшін бухгалтерия қажет болмағанымен, қазір ЭШФ мен ілеспе жүкқұжаттарын электронды қалыптастыру үшін бухгалтерлердің қызметіне жүгінуге мәжбүр. Сонымен қатар, жоғарыда аталып кеткен барлық ақпараттық жүйелер интернет желісін қажет етеді. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлер үшін қосымша шығын болып табылады. Сондықтан ҚР Қаржы министрілігі тарапынан инновациялық өзгерістерді енгізу барысында, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің ақшалай, материалдық жағдайын да ескеру қажет деп санаймын. ШОК субъектілеріне мемлекет тарапынан жиі ауыртпашылықтар, олардың санының күрт төмендеуіне және экономиканың дамуына кері әсер етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Финансовые механизмы поддержки малого и среднего бизнеса в Казахстане : монография / С.Б. Макыш, Н.А. Уразбаева; Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. - Нур-Султан : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019.
2. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктері : оқу құралы / Н.Б. Давлетбаева, М.М. Татиева, Е.П. Фет, А.Ш. Шаймардан. - Алматы : New book, 2020
3. Бизнесті ұйымдастыру = Организация бизнеса : оқу құралы / жалпы редакция А.М. Балкибаева ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Алматы : Бастау, 2020.
4. Финансовая поддержка устойчивого развития малого и среднего бизнеса в Казахстане : монография / А.К. Жумагулова, Б.К. Бимагамбетова, С.Р. Абилдаханова; Министерство образования и науки Республики Казахстан, Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, Экономический факультет, Кафедра финансов . - Алматы : Лантар Трейд, 2021.
5. Экономика малого и среднего бизнеса : учебное пособие / М.А. Кошимова, А.И. Естурлиева. - Алматы : Экономика, 2016.
6. Elkin M. Supporting small and medium-sized enterprises to grow and create better jobs. - 2018.

УДК 657.6

### **ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТОЛТЫРЫЛУЫ**

*Сұлтан Гаухар Ансағанқызы*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің

«Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші - Бекбулатова А.Т.